

13. Kinozaldarda fil'mderdi korsetu məlimetterinin Biryngai Federaldyq avtomattandyrylgan aqparattyq zhųjesiniń internet resursy. Elektronдық resurs. Qolzhetimlilik rezhimi: // <http://ekinobilet.fond-kino.ru/>

11. Abikeeva G.O. Obraz sem'i v kinematografe Central'noj Azii v kontekste formirovaniya kul'turnoj identichnosti v regione. Elektronдық resurs. Qolzhetimlilik rezhimi: <https://dlib.rsl.ru/viewer/01004614329#?page=3>.

МҒТАР 11.15.41

<https://doi.org/10.51889/2020-2.1728-8940.20>

Матжанова Қ.К.¹, Додаева Қ.Ж.²

¹Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы
(Алматы, Қазақстан)

²Қазақ спорт және туризм академиясы
кафедрасы (Алматы, Қазақстан)

ӘЛЕУМЕТТІК МЕМЛЕКЕТ ҰҒЫМЫ: ТАРИХИ-САЯСАТТАНУЛЫҚ ТАЛДАУ

Аңдатпа

Мақалада әлеуметтік мемлекет идеясының қалыптасу және даму мәселесі зерттелінеді. Әлеуметтік мемлекетті әділетті саяси құрылым ретінде қарастыру антика дәуірінен бастау алады. Алайда әлеуметтік мемлекет идеясының өзінің пайда болуы ең алдымен мемлекеттің функциялары туралы жаңа түсініктің қалыптасуымен байланысты. Авторлар әлеуметтік мемлекет тұжырымдамасының негізін қалаушылардың бірі ретінде қарастырған Л. фон Штейн әлеуметтік мемлекетті осы тәсілдеме тұрғысынан сараптайды. Сондай-ақ, авторлар әлеуметтік мемлекет идеясының даму барысын көңіл бөледі және оның бірқатар елдерде нақты жүзеге асу мәселесіне де тоқталады.

Түйін сөздер: әлеуметтік мемлекет, әділеттілік, саясат, мемлекеттік жауапкершілік, әлеуметтік кепілдіктер.

Matzhanova K.K.¹, Dodaeva K.G.²

¹Kazakh National Conservatory named after Kurmangazy
(Almaty, Kazakhstan)

²Kazakh Academy of Sport and Tourism

THE CONCEPT OF SOCIAL STATE: HISTORICAL AND POLITICAL ANALYSIS

Abstract

This article explores the problem of the formation and development of the idea of a social state. The origins of the concept of a social state as a fair political system go back to ancient times.

But the emergence of the very idea of a social state, in the first place, is associated with a new understanding of the functions of the state. This approach is most important for L. von Stein, whom the authors consider as one of the founders of the concept of a social state. The authors trace the further development of the idea of a social state and touch upon the problem of its practical implementation in a number of countries.

Keywords: social state, justice, politics, state responsibility, social guarantees.

Матжанова Қ.К.¹, Додаева Қ.Ж.²

¹Казахская национальная консерватория имени Курмангазы
(Алматы, Казахстан)

²Казахская Академия спорта и туризма
(Алматы, Казахстан)

ПОНЯТИЕ СОЦИАЛЬНОГО ГОСУДАРСТВА: ИСТОРИКО-ПОЛИТОЛОГИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ

Аннотация

В данной статье исследуется проблема становления и развития идеи социального государства. Истоки представлений о социальном государстве как справедливого политического устройства уходят в античное время. Но появление самой идеи социального государства, в первую очередь, связана с новым пониманием функций государства. Такой подход является наиболее важным для Л. фон Штейна, которого авторы рассматривают как одного из основоположников концепции социального государства. Авторы прослеживают дальнейшее развитие идеи социального государства и затрагивают проблему ее практической реализации в ряде стран.

Ключевые слова: социальное государство, справедливость, политика, государственная ответственность, социальные гарантии.

Адамзат тарихының ежелгі кезеңдерінен бастап мемлекет қоғамның саяси жүйесінің маңызды бөлігі болып табылады. Тарих барысында орын алған мемлекеттердің түрі, сипаты, даму барысы, сондай-ақ, азаматтардың мақсат-мүдделерінің жүзеге асуына, олардың өмір сүру деңгейлерінің жоғары болуына ықпал ететін мемлекеттің мүлтіксіз-идеалды формалары туралы түсініктер – әртүрлі бағыттағы зерттеушілердің ізденістеріне негіз болған күрделі мәселелер. Сондықтан ежелгі дәуір философтарының еңбектерінен бастап, қазіргі саясаттанушылардың, құқықтанушылар мен экономистердің, жалпы қоғамдық мәселелермен айналысатын зерттеушілердің басым бөлігінің жұмыстарында мемлекет әртүрлі қырынан қарастырылады. Соның бірі – әлеуметтік мемлекет мәселесі.

Әділетті, «дұрыс» және «бұрыс» мемлекеттер ұғымдарымен байланысты әлеуметтік мемлекет идеясының тарихы ұзақтан басталады. Алайда бұл идеяны XVII-XIX ғасырларда кең түрде қарастыра бастады деуге болады. Жаңа заман, ағартушылық кезеңдері ойшылдары еңбектеріндегі әділеттілік, теңдік, гуманизм, мемлекет және саясат, құқықтар мен бостандықтар туралы тұжырымдар әлеуметтік мемлекет идеясымен астасып жатыр. Дегенмен, «әлеуметтік мемлекет» ұғымы XIX ғасырда нақты қалыптаса бастады. Ресейлік зерттеуші Д.А. Захарьянның пікірі бойынша: «Әлеуметтік мемлекет мәселесіне бірінші болып XIX ғасырдағы неміс ғалымдары: Л. фон Штейн, Ю. Оффнер, Ф. Науманн, А. Вагнер көңіл аударған. «Әлеуметтік мемлекет» ұғымын ғылымға 1850 жылы неміс тарихшысы, философы және экономисті Лоренц фон Штейн енгізген. Бұл «әлеуметтік мемлекет» теориясының дамуындағы бірінші кезең (бірінші саты) болды [1, с. 650]. Лоренц фон Штейннің пікірінше, әлеуметтік мемлекет өз билігін пайдалана отырып, барлық қоғамдық таптардың, өзін өзі айқындайтын жеке тұлғаның құқықтарының абсолютті теңдігін қолдауы керек. Ол өз азаматтарының экономикалық және қоғамдық прогресіне ықпал етуге міндетті, өйткені шын мәнінде біреуінің дамуы екіншісінің дамуының шарты болып табылады [2]. Зерттеуші тек осындай жағдай орын алған кезде ғана мемлекетті әлеуметтік мемлекет ретінде қарастыруға болады деп түсінген.

Лоренц фон Штейн адамзат тарихында ең кең тараған монархия түріндегі мемлекеттерде әлеуметтік реформаларға мән берілмесе, оның өміршеңдігі төмендейді деп есептеген. Бұл әлеуметтік монархия теориясының қалыптасуына, кейін оның әлеуметтік мемлекет тұжырымдамасына ұласуына негіз болды.

Штейн қарастырып отырған әлеуметтік мемлекет өз атауына сәйкес болуы үшін бірқатар міндеттерді атқаруы қажет. Біріншіден, ол әлеуметтік жағдайы төмен, жоқшылықта өмір сүріп жатқан, мұқтаж адамдарға көмектесуі қажет. Екіншіден, тап аралық ұтқырлықтың жүзеге асуына ықпал етуі керек. Осы екі негізгі міндеттен, оның ойынша, әлеуметтік мемлекеттің үш басқару функциясы туындайды:

- құқықтық тұрғыда еркін жүзеге асатын тап аралық ұтқырлықтың орын алуына ықпал ету;
- кезкелген тұлғаның өздігінше өмір сүру жағдайын қамтамасыз етуді көздейтін қоғамдық қажеттілікті қанағаттандыруға ұмтылу;
- капиталға ие емес еңбектің шаруашылық дербестікке, тәуелсіздікке жетуіне, мысалы, қосымша көмек көрсету қассалары, сақтандыру ісі, кедей топтардың одақтары түрінде өзара көмек көрсету арқылы қолдау көрсету [3]. Түптеп келгенде мемлекеттің осы

функцияларды жүзеге асыруы оның қоғам шеңберінде әлеуметтік әділеттілікті орнатуға нақты қадам жасауы болып табылады.

Штейннің ойынша, қоғамда әлеуметтік әділеттіліктің орын алуының басты кепілі – әлеуметтік мемлекет. Тек әлеуметтік мемлекеттің белгілеріне сай келетін мемлекет қана әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ете алады. Осыған байланысты ол әлеуметтік мемлекеттің белгілері ретінде төмендегі көрсеткіштерді қарастырады:

Біріншіден, әлеуметтік мемлекет өз азаматтарының құқтарының абсолютті теңдігін қолдайды. Бұл тұжырым тек жеке тұлғаларға ғана қатысты емес. Мемлекет таптар мен ұлттардың да құқықтық теңдігіне қолдау көрсетуі қажет. Бір қызығы, зерттеуші Л.Н.Кочеткова атап өткендей, «Штейн әлеуметтік мемлекет барлық таптар мен жеке тұлға үшін құқықтарының абсолютті теңдігін жай қолдап қоймай, оны жүзеге асыруға міндетті; мемлекет өз азаматтарының экономикалық және қоғамдық прогрессіне жай ғана ықпал етіп қоймай, оны қолдауға міндетті деп жазған» [4, с.74]. Яғни мемлекет азаматтары, мемлекет аумағында өмір сүретін ұлттар мен қоғамның әлеуметтік құрылымын құрайтын таптар мемлекеттен өз міндетін орындауды және олардың бәрінің бірдей дәрежеде игіліктерге қолжетімді болуын талап ете алады. Олай болса, әлеуметтік мемлекеттің басты ерекшелігі – әлеуметке қатысты қандай да бір функцияларды орындау ғана емес, сол функцияларды орындауға міндетті болуы, яғни ол өз азаматтарын әлеуметтік тұрғыда қамтамасыз етуді өз міндетіне алуы деп тұжырымдауға болады. Бұл міндет нақты түрде мемлекет азаматтарының құқықтары мен бостандықтары көрініс тапқан конституцияда рәсімделеді.

Екіншіден, мемлекет өз міндетіне алған функцияларды жүзеге асыру үшін билікті пайдаланады. Билікті қолдану қажеттілігі әлеуметтік, экономикалық салаларда әртүрлі реформаларды, жобаларды жүзеге асыруда туындауы мүмкін. Мысалы, мемлекет ауқымында қандай да бір әлеуметтік бағдарламаны жүзеге асыру үшін табысты қайта бөлу қажеттілігі туындағанда, билікті толық пайдалану керек болады, тіпті мемлекеттің мәжбүрлеу функциясын қолданатын жағдай да орын алуы мүмкін. Ондай кезде мемлекет өз табысымен бөліскісі келмейтін әлеуметтік топтарға қатысты билікті пайдалана отырып, нақты шаралар қолданады. Ал мемлекет азаматтары болса, қандай әлеуметтік таптың немесе топтың мүшесі болуына қарамастан, мемлекеттік биліктің шешімін орындауға міндетті.

Мемлекеттің өзіне жүктеген міндеттерді орындауға мүдделі болуы әлеуметтік мемлекетті айқындайтын тағы бір көрсеткіш болып табылады. Кезкелген мемлекеттің басты мақсаты – қоғамдық қатынастардың, саяси және әлеуметтік құрылымның тұрақтылығын сақтау. Осы мақсатқа жету үшін мемлекет тұрақтылықты сақтауға қауіп төндіретін қоғам ішінде туындаған және туындауы мүмкін болатын шиеленістерді, қақтығыстарды болдырмауға, өзекті мәселелердің шешімін табуға ұмтылады. Әрине, ондай мәселелер, қайшылықтар мемлекет азаматтары өздерінің әлеуметтік жағдайына қанағаттанбаған кезде туындайды, күшейеді. Сондықтан, мемлекет өз азаматтарының толық мәнді өмір сүруіне жағдай жасауға, оларға қоғамдық өмірдің барлық салалары бойынша қолдау көрсетуге тырысады. Нәтижесінде саяси құрылымның тұрақтылығы қамтамасыз етіледі, мемлекеттің өзіне жүктеген міндеттерді орындауға мүдделі болуы айқын көрінеді. Басқаша айтсақ, мемлекеттің әлеуметтік салада қандай да бір іс-әрекеттерді, реформаларды жүзеге асыруы, өз азаматтарына қолдау көрсетуі бірінші кезекте сол мемлекеттің өзі үшін тиімді, өйткені ол іс-әрекеттер мемлекеттің бар болуына, дамуына ықпал етеді.

Мемлекеттегі әлеуметтік топтар, таптар арасындағы қарым-қатынасқа, қайшылықтарға келетін болсақ, әлеуметтік мемлекет оларды үйлестіруге, ортақ бір негізге келтіруге тырысады. Ол азаматтардың меншіктік қатынастарына өзгерістер енгізумен байланысты, яғни жеке адамның меншіктік қатынасын өзгерту, жеке меншікке иелік ету жағдайына өзгерістер енгізу топаралық, тапаралық ұтқырлықты жүзеге асыруға, адамдардың нақты бір топқа, тапқа қатысты болуын өзгертуге мүмкіндік береді. Осылай Лоренц фон Штейн атап өткен әлеуметтік мемлекеттің екінші міндеті жүзеге асады.

XIX ғасырдың соңына қарай «әлеуметтік мемлекет» ұғымымен қатар «берекелік (молшылық, дәулеттілік) мемлекеті» ұғымы да қарастырыла бастады. Бұл ұғым кейінгі «жалпыға ортақ дәулетті мемлекет» ұғымымен байланысты және «әлеуметтік мемлекет» ұғымының баламасы ретінде қолданылды деуге болады. Ол мемлекеттің басты ерекшелігі – мемлекеттің жүзеге асыратын саясаты мемлекет азаматтарының өмір сүру деңгейін жақсартуға барынша бағытталуы. Жалпыға ортақ дәулетті мемлекет тұжырымдасамы бойынша қоғамның дәулеті оның барлық мүшелерінің дәулеті негізінде қалыптасады. Мемлекеттің міндеті – тек экономика саласын ғана емес, әлеуметтік саланы да реттеу, соның ішінде қоғамдық игілікті тұрғылықты халықтың кедей топтарының пайдасына қарай

қайта бөлу. Кедейлік дегеніміз әлеуметтік кесел. Қоғам оны болдырмауы қажет, ал мемлекет тарапынан кедейлікті болдырмауға нақты қадамдар жасалуы тиіс.

1930 жылы неміс ғалымы Герман Геллер өз азаматтарына қатысты әлеуметтік жауапкершілікті арқалайтын және оны заңды негізде жүзеге асыратын мемлекетті сипаттау үшін «әлеуметтік-құқықтық мемлекет» ұғымын ұсынды және оған түсініктеме берді. Ғалымның пікірінше, әлеуметтік-құқықтық мемлекет ұғымының негізінде мемлекет тарапынан берілетін әлеуметтік кепілдіктерге байланысты азаматтардың заңды түрде бекітілген құқықтары идеясы тұр, яғни мемлекеттің әлеуметтік функцияларының құқықтық негізі қалыптастырылуы қажет. Әділеттілік, теңдік, ынтымақтастық, тұлға мен қоғамның құқықтары мен міндеттері ұғымдары заңды түрде бекітілуі керек.

Әлеуметтік мемлекет туралы тұжырымдаманың ХХ ғасырда дамуы Англияның саяси қайраткері және экономист Уильям Беверидждің есімімен байланысты. Г.М.Алпатова атап өткендей: «У. Беверидж – Батыста әлеуметтік мемлекеттің қалыптасу тарихындағы дара тұлға. Оның 1942 жылы жарияланған, бүкіл әлемге танымал болған баяндамасы соғыстан кейінгі Европада әлеуметтік саясаттың негізгі бағыттарын айқындалған басты құжат болып табылады. Ағылшындар оны ел тарихындағы ең ұлы әлеуметтік реформаторлардың бірі деп дұрыс айтады [6, с.92].

У.Беверидж мемлекеттің әлеуметтік саясатына қатысты «Әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік қызмет көрсетудің басқа түрлері» (1942 жылы) деп аталатын және «Еркін қоғамдағы толық жұмыспен қамтылу» (1944 жылы) деп аталатын екі баяндама дайындаған болатын. Бірінші баяндамада У.Беверидж әлеуметтік қамсыздандырудың бүкіл жүйесін жаңадан ұйымдастыру идеясын ұсынды. Ол мемлекет азаматтарының басым бөлігін қамтып, бәріне бірдей ұлттық минимальды табысты енгізуге және толық жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуге кепілдік беретін. Іс жүзінде, У. Беверидж өз баяндамасында қазіргі заманғы әлеуметтік мемлекеттің теориялық негіздерін тұжырымдады. Оның түсінігі бойынша, әлеуметтік мемлекеттің тұрақты белгілерінің бірі – мемлекеттің өз азаматтарының әл-ауқатының лайықты деңгейі үшін жауапкершілікті өз мойнына алуы.

«Еркін қоғамдағы толық жұмыспен қамтылу» деп аталатын екінші баяндамасында У. Беверидж жұмыссыздық мәселесін шешуде басты рөл атқаратын мемлекеттің әлеуметтік жауапкершілігі идеясын одан әрі жалғастырады. Автордың түсінігі бойынша, мемлекет аумағында жұмыссыздықтың орын алуы қоғамның демократиялық негіздеріне қауіп төндіреді. «Егер толық жұмыспен қамтылу қамтамасыз етілмесе және сақталмаса, онда біздің еркіндіктеріміз де қамтамасыз етілмейді, өйткені көпшілік үшін олардың құны болмайды» [6, с. 95].

ХХ ғасырдың 60-шы жылдары әлеуметтік мемлекет немесе жалпыға ортақ дәулетті мемлекет теориясы дами түсті және осы кезеңде ұлттық деңгейде әлеуметтік мемлекет құруды нақты жүзеге асыру қолға алына бастады. Әлеуметтік мемлекет идеясын дамыған елдердің қатарына кіретін бірқатар елдерде іске асыруға қадамдар жасалды.

1949 жылы ГФР Конституциясына «әлеуметтік-құқықтық мемлекет» деген ұғым енгізілді. Бұл әлеуметтік мемлекет тұжырымдамасының қалыптасуы мен дамуындағы жаңа кезең, нақты жүзеге асыру кезеңінің басталуы деуге болады. Конституцияны дайындаған мамандардың ойынша, мемлекет өзінің іс-әрекеті барысында барлық әлеуметтік топтардың өмірлік қажеттіліктерін қанағаттандыруға, лайықты өмір сүру деңгейін қамтамасыз етуге, тұрғындардың әлеуметтік көмекті қажет ететін топтарын қолдауға, қоғамда әлеуметтік әділеттілікті орнықтыруға бағытталған саясатты іске асыруы қажет. Әлеуметтік мемлекеттің басты қағидасы – әлеуметтік кепілдіктермен қамтамасыз ету, мемлекеттің барлық азаматтарының әл-ауқатының белгілі бір деңгейін қамтамасыз етуге бағытталған саясатты жүзеге асыру. Осы тұрғыда «әлеуметтік мемлекет» түсінігіндегі «әлеуметтік» сөзі мемлекеттің жаңа мәнін сипаттайтын, яғни оның материалды игіліктерді бөлудегі саясатын айқындайтын ұғым болып табылады.

Осындай жаңа сипаттағы әлеуметтік мемлекет құру ресми түрде 1958 жылы Францияда, 1972 жылы – Швейцарияда, 1975 жылы – Швецияда, 1978 жылы – Испания, Турцияда басталды деуге болады. Сондай-ақ, көптеген саяси партиялардың бағдарламалық құжаттарында әлеуметтік мемлекеттің мақсаттары көріс тапты.

Осы елдердің және басқа да дамыған мемлекеттердің әлеуметтік мемлекет құру тәжірибесін қарастырсақ, әлеуметтік әділеттілік, әлеуметтік теңдік, әлеуметтік кепілдіктермен қамтамасыз ету әлеуметтік мемлекеттің басты қағидалары екенін көреміз. Алайда, әлеуметтік мемлекет абсолютті әділеттілік пен теңдікке жетуді көздемейді, ол тек әлеуметтік үйлесімділікке, қандай да бір

әлеуметтік топтарды құқықтық, әлеуметтік және мәдени салаларда кемсітушілікке жол бермеуге, әртүрлі шиеленістерді болдырмауға, өзара келісімге келтіруге ұмтылады.

Жалпы алғанда әлеуметтік мемлекетті әл-ауқаттың негізгі деңгейіне деген барлық адамдардың құқығына кепілдік беретін демократиялық мемлекеттің формасы ретінде қарастыруға болады. Нақты өмірде әртүрлі елдердегі әлеуметтік мемлекеттің өзіндік өзгешелігі бар және ол сол елдерінің өздерінің ерекшеліктеріне байланысты. Бұдан мемлекет аумағында белгілі бір әлеуметтік реформаларды, бағдарламаларды мерзімімен, жоспарланған көлемде жүзеге асыру тек экономикалық, әлеуметтік-саяси, мәдени, психологиялық факторларға ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік мәселелердің өзектілігін жете түсінуге, әлеуметтік топтар арасындағы қайшылықтардың сипатын білуге, жалпы қоғамның көңіл-күйін дұрыс сезінуге де тәуелді екені көреміз.

Сонымен, қорыта келе, әлеуметтік мемлекет дегеніміз қоғамдық қатынастарды реттеудің мемлекеттік жүйесі деуге болады. Оның іргетасын құрайтын негізгі идея – мемлекет азаматтарының лайықты өмір сүру деңгейін қамтамасыз ету және әлеуметтік қайшылықтар мен шиеленістерді болдырмау, мұқтаж адамдарға көмек көрсету. Бұл жеке тұлғаның еркін дамуына, лайықты өмір сүруіне жағдай жасауға бағытталған саясатты басшылыққа алатын мемлекеттің түрі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Захарьян Д.А. *Социальное государство: основные этапы развития и современное состояние* // Вестник РУДН: Серия Социология.- том 16, № 3, 2016.- С.649-658.

2 Жирнов Н. *Социальное государство: политико-теоретический анализ* // Власть. - №9, 2008. - С. 10-12.

3 Штейн Л. фон. *Учение об управлении и право управления с сравнением литературы и законодательств Франции, Англии и Германии.*- СПб.,1874.- 586 с.

4 Кочеткова Л.Н. *Теория социального государства Лоренца фон Штейна* // Философия и общество.- Вып. 3, 2008.- С.69-79.

5 Калашников С.В. *Очерк теории социального государства.* - М.: Экономика, 2006.- 362 с.

6 Алпатова Г.М. *У истоков социального государства: У.Бевериджд* // Вестник Пермского университета.- Выпуск 1(8), 2009.- С.92-97.

References

1 Zahar'yan D.A. *Social'noe gosudarstvo: osnovnye etapy razvitiya i sovremennoe sostoyanie* // Vestnik RUDN: Seriya Sociologiya.- tom 16, № 3, 2016.- S.649-658.

2 Zhirnov N. *Social'noe gosudarstvo: politiko-teoreticheskij analiz* // Vlast'. - №9, 2008. - S. 10-12.

3 Shtejn L. fon. *Uchenie ob upravlenii i pravo upravleniya s sravneniem literatury i zakonodatel'stv Francii, Anglii i Germanii.*- SPb.,1874.- 586 s.

4 Kochetkova L.N. *Teoriya social'nogo gosudarstva Lorenca fon SHtejna* // Filosofiya i obshchestvo.- Vyp. 3, 2008.- S.69-79.

5 Kalashnikov S.V. *Ocherk teorii social'nogo gosudarstva.* - M.: Ekonomika, 2006.- 362 s.

6 Alpatova G.M. *U istokov social'nogo gosudarstva: U.Beveridzh* // Vestnik Permskogo universitet.- Vypusk 1(8), 2009.- S.92-97.

Матжанова I.Ә.¹

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
(Алматы, Қазақстан)

ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДАҒЫ ЖАСТАРДЫҢ ОРНЫ МЕН ОЛАРДЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Мақалада жастарға тән рухани-мәдени көрсеткіштер олардың әлеуметтену үдерісінің жалғасуымен, мәдени-эстетикалық және рухани-ізгілікті құндылықтарды игеруін анықтау мақсат етілген. Жастардың өмірлік тәжірибелерінің шағын болуы осы құндылықтарды игерудің толық жүзеге аспағаны туралы сөз болады. Жұмыста жастарды өзіндік құбылыс ретінде анықтау, жастық шекке бөліп қарастыру, ерекшеліктерін айқындау мәселелері қарастырылған.

Түйін сөздер: жастық категория, құндылықтар, әлеуметтік топ.

Matzhanova I.A.¹

¹Kazakh national pedagogical university of a named after Abay
(Almaty, Kazakhstan)

THE ROLE OF YOUNG PEOPLE IN MODERN SOCIETY AND THE FEATURES OF THEIR VALUES

Abstract

The aim of the article is to determine the spiritual and cultural characteristics of youth as the process of socialization continues, and the acquisition of cultural, aesthetic and spiritual values. A little life experience of young people means that the development of these values is not fully realized. The paper considers the issues of identifying young people as a phenomenon, dividing them into age groups, and identifying their characteristics.

Keywords: age category, values, social group

Матжанова И.А.¹

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая
(Алматы, Казахстан)

РОЛЬ МОЛОДЫХ ЛЮДЕЙ В СОВРЕМЕННОМ ОБЩЕСТВЕ И ОСОБЕННОСТИ ИХ ЦЕННОСТЕЙ

Аннотация

Целью статьи является определение духовно-культурных особенностей молодежи по мере продолжения процесса социализации, приобретения культурных, эстетических и духовных ценностей. Небольшой жизненный опыт молодых людей означает, что развитие этих ценностей не полностью реализовано. В работе рассматриваются вопросы идентификации молодых людей как явления, разделения их на возрастные группы, выявления их особенностей.

Ключевые слова: возрастная категория, ценности, социальная группа.

Бүгінгі таңда қазақстандық қоғамда орын алған әртүрлі әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық үдерістердің қарқындылығы, мемлекетіміздің 2050 жылға қарай әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіру мақсатында стратегиялық даму бағыттарын анықтап, біртіндеп жүзеге асыруға ұмтылуы қоғам тарапынан еліміздің болашағы – жастарға үлкен жауапкершілік жүктейді. Қазақстан Республикасының бірінші Президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани